

*Жұқпалы аурулардан сақтану
шаралары*

*Карантин және обсервация
ұғымдары. Олардың мерзімдері*

- * Жұқпалы аурулардан сақтану шаралары:
- * - ауруды ертерек және толық анықтау;
- * - ошақта дезинфекциялық шаралар жүргізу;
- * - гигиеналық тәртіп пен санитарлық мәдениетті сақтау;
- * - жұқпалы ауруларға қарсы жасанды иммунитет жасау;

- * **Дезинфекция** – адамның қоршаған ортасында жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын жоюға бағытталған шаралар жиыны.
- * Дезинфекцияның жекелеген түрлері:
 - * - дезинсекция
 - * - дератизация
- * **Дезинсекция** – жұқпалы ауру тарататын қауіпті жәндіктер мен кенелерді жою
- * **Дератизация** – жұқпалылық тұрғысынан кеміргіштерді жою

- * Залалсыздандыру мақсатына байланысты дезинфекция сақтандыру, ағымдық, қорытынды болып бөлінеді.
- * **Сақтандыру дезинфекциясы** жалпы қоғамдық орындар арқылы жұқпалы аурулардың пайда болу және таралу ықтималдылығын ескерту мақсатында өтеді.
- * **Ағымдық дезинфекция** жұқпалы аурудың таралуын ескерту мақсатында өтеді: оны жұқпалы ауруға шалдыққандар жатқан емдеу мекемесінде өткізеді.
- * **Қорытынды дезинфекцияны** жұқпалы дертке шалдыққан адам әкелгеннен кейін, сауыққаннан соң жүргізеді.

Дезинфекцияға тән көрсеткіштерге байланысты залалсыздандырудың түрлері:

- механикалық**
- физикалық**
- химиялық**

* Карантин — ауру ошағын толық оңашалау және ондағы ауруды толық жоюды қарастыратын шаралар жүйесі.

* Карантин ошағындағы жүзеге асырылатын негізгі шаралар:

* - зақым ошағын оқшаулау, бұл үшін ошақты қарулы түрде күзету;

* - ауырған немесе ауыруы мүмкін адамдарды алдын ала анықтау, байланысқан адамдарды бақылауға алу,

* оларды оқшаулау және емдеу;

* - шұғыл профилактикалық шаралар жүргізу (вакцинация) немесе егу;

* - халықты және жасақтардың адам құрамын санитарлық тазартудан өткізу;

* - киімді, аяқ-киімді, мүлікті, аймақты, ғимараттар мен техниканы дезинфекциялау;

* - емдеу мекемелерін, кәсіпорындардың, ұйымдардың жұмыс тәртібін белгілеу;

* - зақым ошағына кіруге, одан шығуға және мүліктерді алып шығуға тиым салу;

- * **Обсервация** – жұқпалы аурулардың тарауын болдырмауға бағытталған оңашалау-шектеу және емдеу, профилактикалық шаралар жүйесі.
- * Обсервацияны жүзеге асырғанда ауру аймағына кіруге және одан шығуға шектеулер қоюға берілгенімен, режим шараларының жүргізу қатаңдығы, карантин кезіндегіден сәл кем болады. Карантин мен обсервацияның мерзімі инкубация кезеңінің ұзақтығына байланысты және соңғы ауруды оқшаулау кезінен бастап саналады.